# Ақсу аймағының елді мекендерінде тұратын білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт және ветеринария мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек тағайындау туралы

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2012 жылғы 07 желтоқсандағы N 78/10 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 қаңтарда N 3330 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 143/17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 03.11.2017 № 143/17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Тақырыбына өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 14.04.2016 N 15/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Ақсу қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 16.04.2014 N 218/30 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Ақсу аймағының елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына жылу маусымында отын сатып алу үшін 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек тағайындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 16.04.2014 N 218/30 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 14.04.2016 N 15/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік саясат, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы* — *Г. Рубцов*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы* — *М. Омарғалиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК